


«Келісемін»

Директордың тәрбие жұмыс
жөніндегі орынбасары

 К.А.Ергалиева

«Бекітемін»

№51 гимназия директоры:

 И.И.Бексултанова

«29» қыркүйек 2025 ж



**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылына арналған
11 «А» сыныбының жылдық тәрбие жоспары**

Сынып жетекшісі: Айтмағамбетова Диана Баймуратовна

Ақтөбе 2025 ж.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға катысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтар:

тәуелсіздік және отаншылдық

бірлік және ынтымақ

әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп

еңбеккорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

*отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

*Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

*адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

*табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

*елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

*отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

*өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

*әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- *басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- *өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- *еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- *біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- *әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- *білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- *ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- *отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым тұлғаларының бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

№	Іс шаралар атауы	Аяқтау нысандары	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету 1. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 06.04.2020ж №130 бұйрығы 2. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж №26 бұйрығы 3. «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережесі бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023 ж №748 қаулысы 4. «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021ж №235 бұйрығы 5. «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жж арналған кешенді жоспар бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023ж №748 қаулысы 6. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 26.05.2025 жылғы №123 бұйрық				
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің өзекті мәселелері бойынша қалалық, облыстық, республикалық ғылыми-практикалық семинар конференцияларға қатысу, өткізу.				
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
1	Білім күні. Менің Отаным - Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жедел қызмет нөмірлері»	Сабақ жоспары Слайд материалдары	Сынып жетекшісі	02.09
2	«Жолда жүру ережелерін сақтаймыз ба?» кездесу Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Сіздің әрекеттеріңіз үшін жауапкершілікті қалай қабылдауға және мектептегі қауіпсіз ортаны сақтауға болады?»	Баспаға жариялау	Сынып жетекшісі жол полиция қызметкерлерімен бірлесіп	09.09
3	«Мамандықтар әлемі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Қауіпсіз қаржылық операцияларды жүргізу ережелері. Қаржылық пирамидалардың қаупі»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	16.09
4	Еңбек түбі - береке» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?»	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері	23.09
5	«Күз - еңбектің маусымы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут). «Әрекетсіздік пен серіктестік жауапкершілігі»			30.09

	жауапкершілігі»			
ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ 1 қазан – Халықаралық карттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні				
1	«Тәуелсіздік жемісі арайлап атқан тандарым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Төтенше жағдайларда әрекет ете білу»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	07.10
2	«Тәуелсіздік – ұрпаққа берген үлкен бақыт» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жалған ақпаратты, оның ішінде желіде тарату «Секталардың ықпалына қалай түспеуге болады?»			14.10
3	«Дархан елім» республиканы күніне арналған сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Шынайы достық пен жалған достықты ажырату»		Сынып жетекшісі	21.10
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Зорлық-зомбылықтан қорғану: қорғау әдістерін және көмекке жүгіну ережелерін білу»		Сынып жетекшілері	04.11
2	«Ұлттық теңге – Тәуелсіздігіміздің нышаны» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Адамның жеке шегарасын қорғаудың негізгі ережелері»		Сынып жетекшілері	11.11
3	«Әділдік пен жауапкершілік – егіз ұғым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жедел қызмет нөмірлері»			18.11
4	«Әділ болуға өзінді қалыптастыр, шындықты айтып үйрен» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Сіздің әрекеттеріңіз үшін жауапкершілікті қалай қабылдауға және мектептегі қауіпсіз ортаны сақтауға болады?»			25.11
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Қауіпсіз қаржылық операцияларды жүргізу ережелері. Қаржылық пирамидалардың қаупі»			02.12

2	«Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?»			09.12
3	«Бірлік түбі-береке» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Әрекетсіздік пен серіктестік жауапкершілігі»			16.12
4	«Ынтымақтың түбі-игілік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Төтенше жағдайларда әрекет ете білу»			06.01.

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

1 қаңтар – Жаңа жыл

1	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жалған ақпаратты, оның ішінде желіде тарату «Секталардың ықпалына қалай түспеуге болады?»		Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	13.01
2	«Заңдылық және құқықтық тәртіп» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Шынайы достық пен жалған достықты ажырату»			20.01
3	«Заң- тәртіп пен әділеттіліктің негізі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Зорлық-зомбылықтан қорғану: қорғау әдістерін және көмекке жүгіну ережелерін білу»			27.01

АҚПАҢ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

1	«Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Адамның жеке шегарасын қорғаудың негізгі ережелері»	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	03.02
2	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Адамның жеке шегарасын қорғаудың негізгі ережелері»			10.02
3	«Жасампаздық пен жаңашылдық рухтың жаршысы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жедел қызмет нөмірлері»			17.02
4	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)) «Сіздің әрекеттеріңіз үшін жауапкершілікті қалай қабылдауға және мектептегі қауіпсіз ортаны сақтауға болады?»			24.02

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

1	«Алғыс – ізгі ниет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Қауіпсіз қаржылық операцияларды жүргізу ережелері. Қаржылық пирамидалардың қаупі»			03.03
2	«Мен елімнің ертеңімін» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?»			10.03
3	«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Әрекетсіздік пен серіктестік жауапкершілігі»			17.03

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛКІЛІК АЙЫ

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні

15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

1	«Біз таңдаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Әрекетсіздік пен серіктестік жауапкершілігі»			31.03
2	«Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Төтенше жағдайларда әрекет ете білу»			07.04
3	«Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?»			14.04
4	«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жалған ақпаратты, оның ішінде желіде тарату «Секталардың ықпалына қалай түспеуге болады?»			21.04

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ**1 мамыр** – Қазақстан халықтарының бірлігі күні**7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні**9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні**15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні**18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні**31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Шынайы достық пен жалған достықты ажырату»			28.04
2	«Бұл өмірдің мәні – сенсің, қымбатты досым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Төтенше жағдайларда әрекет ете білу»			05.05
3	«Ынтымақ, Бірлік, Келісім – баянды бақыт ел үшін!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Зорлық-зомбылықтан қорғану: қорғау әдістерін және көмекке жүгіну ережелерін білу»			12.05
4	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Адамның жеке шегарасын қорғаудың негізгі ережелері»			19.05